

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 76 – 79

UDC: 330.6501

**A. Dogalov, N. Dosmaganbetov, B. Kairanbekov**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan,  
[dogalov\\_an@enu.kz](mailto:dogalov_an@enu.kz). [Dosmnurlan@vandex.ru](mailto:Dosmnurlan@vandex.ru). [Kairanbekov\\_bo@enu.kz](mailto:Kairanbekov_bo@enu.kz)

**ECONOMIC VIEWS OF SMAGUL SADVAKASOV  
ON THE DEVELOPMENT OF EDUCATION**

**Abstract.** The paper shows the main economic ideas of distinguished national politician and true patriot of Kazakh nation in 20-30-s of the XX century, Smagyul Sadyukasov. The results of analysis of scientific and social-political proceedings, practical organizational activity in the field of enlightenment and education of a young Soviet Republic testify his enormous contribution into the development of economic conception in Kazakhstan.

**Keywords:** education, science, technical development, material interests.

ӘОЖ: 330.6501

**А.Н. Догалов, Н.С. Досмаганбетов, Б.О. Қайранбеков**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет, Астана қ., Қазақстан

**СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ АГАРТУШЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ  
БОЙЫНША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАЗАҚРАСТАРЫ**

**Аннотация.** Мақалада ХХ-ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ халқының мемлекеттік, саяси қайраткері және шынайы патриоты Смағұл Сәдуақасовтың неғізінде экономикалық идеялары қарастырылған. Жас кеңестік республиканың агартушылық және білім берушілік саласындағы ғылыми және публистикалық еңбектерін, тәжірибелік қызметін талдаудың нәтижелері оның Қазақстанның экономикалық ой-пікірлерінің дамуына косқан үлесінің зор екендігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** білім, ғылым, техникалық даму, интенсификация, материалдық қызығушылық.

Қарастырылып отырған ғасырдың аяғында XIX-ғасырдың екінші жартысынан және ХХ-ғасырдың басында буржуазиялық қатынастар самодержавиелік империяның ұлттық шеткегі аймақтарына, соның ішінде, қазақ өлкесінің территорияларына да енін, нық орныға бастады.

Сол кезеңдегі қазақ қоғамының жекелеген ел билеушілерінің жоғарыда көрсетілген әлеуметтік-экономикалық алғышарттары мен ақылға қонымын шешімдері қазақтың қөрнекті зиялды қауым өкілдерінің тұтас бір саңлактарын тәрбиелеуге мүмкіндік берді.

Нақ сол қазақтың либералды-демократиялық қөрнекті зиялды қауым өкілдерінің ықпалымен және Ресейде басталған төңкерістік-демократиялық өзгерістердің әсерінен аса жарқын мемлекет және қоғам қайраткері, өткен ғасырдың қайғылы 20-шы жылдарында қазақ халқының мұддесін жаңкештілікпен корғаган, жас Смағұл Сәдуақасовтың (1900-1933 ж.) дүниетанымдық қозқарасы қалыптасты. Дала өлкесінің, тұған халқының әлеуметтік-экономикалық жаңаруының мәселелері оның жігерлі, әрі төңкерістік бағыттаған қызметінде орталық орынды алды.

С.Сәдуақасовтың экономикалық қозқарастарын қарастыра отырып, оның бала тәрбиелеу, жалпыға ортақ білім беруді енгізу, ересек халықтың арасында сауатсыздықты жою, білім жоғары көсіби мамандарды даярлау, сонымен катар, оларға қамкор болу мәселелерін зерттеудегі идеялары мен тәжірибелік қызметін ерекше атап өтуғе болады. Мұнда, біріншіден, ол өзінің көсіби-білім алушылық әлеуетін әрқашанда көтеруғе үмтүлғандығын ерекше атап өткіміз келеді. Мәселен, 1923 жылы республиканың Бас жоспарында жоғары

лауазымдық қызметті атқара отырып, өзінің И.Сталинге жазған хатында Мәскеуде жогары білім алғысы келетіндігі жөнінде баяндайды. Бірақ, ол оргалық билік тарапынан қолдау тапса да, Ф.Голощекин басқарған республика басшылығы оны Қеңес мемлекетінің астанасына оқуга жібермеү үшін барлық жагдайды жасады.

Екіншіден, оның экономикалық көзқарасында жөне тәжірибелік қызметінде қазактарды ағарту мәселелері болды. Халықтың ағартушылық ісін ол өз халқының әлеуметтік-экономикалық өсуіне және дамуына қол жеткізу үшін жасалатын ең негізгі жагдайлардың бірі деп санады. 1919 жылдың өзінде-ақ, жас тұлға Смагұл «Ауыл қажеттіліктері» деген макаласында былай деп жазды: «Ауылдың ең қанагаттандырылмаган қажеттілігі – ол ағартушылық. Олсыз далада ешқандай жаңалық енгізу мүмкін емес. Сондай-ақ, білім алушыз қыргыз (казақ - авторлар) халқының әл-ауқаттылығын жақсартуға бағытталған неше түрлі іс-шаралар да ақылга қоныссыз болып табылады» [1, 6 б.].

Өзінің гылыми еңбектерінде, баяндамаларында және әдеби шыгармаларында ол Қазақстандагы білім беру жүйесінің дамуына үнемі назар аударып отырады. Мәселен, халықтың ағарту комиссариатының комиссары С.Седуақасов халықтың білім беру қызметкерлерінің съезінде өзінің «Қазақстандагы халықтың ағарту мәселелері» атты баяндамасында ағартушылық жұмыстардың негізгі үш міндеттін айқынданап берді:

- бірінші – еңбеккерлерді сауат ашуға үйрету, сол арқылы олардың мәдени деңгейін көтеру;
- екінші – өнеркәсін, ауыл шаруашылығы және мемлекеттік мекемелер үшін білікті кадрларды, мамандарды даярлау;
- үшінші – ұлттық нысаны бар және социалистік мазмұны бар еңбеккерлердің мәдениеттін көтеру үшін қажетті белгілі бір мәдени деңгейі мен білімі бар ұлттық кадрларды даярлау.

Қазақстандағы ағартушылықты дамыту мәселелерін шешуді ол бүкіл халықтың және жалпы мемлекеттік іс деп есептеді. «... оку жұмысы, оның ойы бойынша – бұл халықтың ағарту комиссариатының гана ісі емес. Ол барлық кеңестік ұйымдардың қызметімен байланысты, оның жемісі барлық халық шаруашылығының дамуына, өндіріс құралдарын, өндіргіш күштер мен мүмкіндіктерді көбейтуден тәуелді болып табылады» [2, 196 б.].

Мемлекеттік қызметте әртүрлі лауазымды атқара отырып, соның ішінде, халықтың ағарту комиссариатын басқара отырып, С.Седуақасов халықтың білім беру үйымдарын (мектептерді, техникумдарды, Қазақ педагогикалық институты) гимараттармен және құрылыштармен, оку құралдарымен және көрнекі құралдармен, окулықтармен және гылыми әдебиеттермен, оку құралдарымен және басқа да барлық қажеттілермен қамтамасыз ету бойынша накты іс-шараларды қабылдады. Халықтың ағартудың болашақ комиссары жергілікті бюджеттен ағартушылық ісіне 35% көлемінде ақша қаржатының бөлініп отыруына қол жеткізді. Олардың орындалуы мен игерілуі жөнінде тұрақты турде мониторинг жүргізіп отырды [2, 156 б.].

С.Седуақасовтың жылдар бойы экономикалық көзқарастарындағы келесі бір аса маңызды жағдайды да атап өткен жөн. Ол білім беру саласының жұмыскерлері туралы әрдайым ойлап отырды, өйткені, олардың халқының болашақ дамуына қосатын үлесін түсінді және жогары багалап отырды, олардың еңбек қызметінің үлесіне әл-ауқаттылық деңгейінің сәйкес келін отыруы үшін тырысып бақты. «Алайда мұғалімдердің еңбекақысы темен болып отыр, Қалаларда аула сыйыруышылардың өздері мұғалімдерге қарағанда көп ақша алады. Олардың айлық табыстары милиция қызметкерлерінің, ауыл кеңестерінің, басқа да барлық қызметкерлердің алатындарынан тәмен болып табылады» - деп, ол үлкен тебіреніспен толғанады. Эрікарай ол мынаны айтады: «Мениң сөйлеген сөздерімді мұғалімдерге ақша саудалау үшін деп түсінуге болмайды. Мен тек қана әділеттілікті талап етемін. Ақыл-ой мен еңбек күшін көп қажет ететін және үлкен жүйке шығындарын жалғасатын мұндай жұмыс сәйкес өз деңгейіндегі ақы төлеуді талап етеді. Осыған байланысты, біз мұғалімдерде өз уақытында еңбек ақы беру, оларды баспанамен, отынмен және басқа да қажетті керек-жарақтармен қамтамасыз ету мәселелеріне бірінші кезекте көңіл бөлөуіміз керек» [2, 169 б.].

Үшіншіден, қазақтардың білімділігін дамытуда жетістіктерге жетудің басты шарты деп ол шаруашылық-мәдени өмірдің барлық салаларында және іс қағаздарын жүргізуі енгізуде және сонымен қоса, партиялық органдардың қызметінде қазақ тілінің кеңінен колданылуын санады. Оның белсенді қатысуымен ҚР Орталық Атқару Комитеті 1923 жылы «Қырғыз (казақ – авторлар) тілінде іс қағаздарын жүргізуі енгізу туралы» декрет шығарды. «Осыған сәйкес, 1924 жылдың 1-қантарынан бастап, барлық қазақ боялтарының қызметіне қазақ тілі енгізіледі, ал аралас (орын-казақ) боялтарда іс қағаздарын жүргізу бір уақытта екі (казақ және орыс) тілде жүргізілетін болады. Алғаш рет қазақ халқы мемлекеттік билікке қазақ тілінде өтініш білдіруге мүмкіндік алды. Бұл Қазақ Қеңес Социалистік Республикасының кеңес билігі салалық органдарын жергілікті халық бұқарасына өте жақындағат түсті» - деп атап өтті С. Седуақасов [3, 18 б.].

Төртіншіден, оның пікірінше, Қазақстан үшін жалпы алғанда халық шаруашылығы салаларына, және жекелей алғанда, өнеркәсіп пен темір жол көлігі саласына жұмыскер мамандықтар бойынша біліктілігі жоғары кадрларды оқытуудың және даярлаудың маңызды мәні аса жоғары болып табылады. «Біздерге өз ісін білетін, еңбеккор, пайдалы қазбаларды игеру мен өндеуге қажетті жігерлі адамдар, шахта, фабрика мен зауыт, темір жол көлігі мамандары қажет. Оларды фабрика-зауыт мектептері дайындашындаруы керек. Қазір Жетісуда жол салынып жатыр. Оған қажетті кадрларды қазақтың кедейлерінен дайындау қажет. ...

Ауыл кедейшілігіне жергілікті жерлерде және олардан өнеркәсіптік өндіріске қажетті біліктілігі бар жұмыс-керлерді дайындаш шығару арқылы көмектесу қажет» [2, 170-171 б.].

Бесіншіден, С.Седуақасов тұған өлкеде жоғары білім берудің жүйесін ұйымдастыруға және дамытуға ерекше мән берді. Қазақстан халықтық ағару комиссариаты комиссарының тікелей және белсенді қатысуымен 1926 жылы Та什кент қаласында алғашқы қазақ жоғары оку орны – ҚазПИ ашылып, кейіннен, атап алмыш оку мекемесін 1927 жылы басқарды. Оның ашылуында сөйлеген сөзінде ол мынаны атап өтті: «Бұл нақты жайт мен үшін аса маңызды іс болып көрінеді, тіпті оны оқиға ретінде өзіміздің автономияны ұйымдастыру құбылысымен салыстыра аламын. ... Немесе бұл шаруа – жоғары оку орнының ашылуы – мемлекеттің мәдени іс-шараларының бірінің аса маңызды құрылышының аяқталуы болып табылады» [2, 271-272 б.]. Бірақ та, мұнда, Қазақстанда жоғары білім беруді дамытудың алдында күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тұргандығын да атап етеді: «Шындығы сол, жоғары оку орнын ашу – бұл оның толық ұйымдастырылуын білдірмейді. ... Сіздер білесіздерме, барлық жерлерде ақша-каражаты жеткіліксіз және бізге өте қатаң үнемдеуге тұра келеді. Бірінші кезекте, сіздерге де энергиялық үнемдеуді жүргізуға тұра келеді: ... Мен ... халықтық білім беру ісінде байқаюп отырған, атап айтқанда, материалдық ресурстар мен сұраныстар арасындағы сәйкесіздік туралы айтып өттім» [2, 271-275 б.].

Оның келесі ойы қызықты болып табылады, себебі, шынайы өмірлік жүзеге асырылуы Қазакстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары орын алды. Ойның мәні қазақ жастары үшін Батыс Еуропа елдерінде жоғары техникалық білім алуға мүмкіндік берудің бірінші кезектегі қажеттілігі табылды. «Орыстың ғылыми-техникалық әдебиеті неміс түпнұсқаларының аудармаларынан тұрды. Техника саласындағы ұлы өнертапқыштар негізінен Батыс Еуропадан шықкан. ... Шығысқа Еуропалық өркениеттің техникасасы қажет, тек қана техника» - деп С.Седуақасов пікірлестерімен бірге Орталық Атқару Комитетінің төрағасына және ҚАР халықтық ағарту комиссариатына жағған хатында осыны қадап айтты [1, 348-349 б.].

Алтыншыдан, біз білетініміздей, ғылыминың дамуы ағартушылықпен тікелей байланысты. С.Седуақасов, үнемі өз бетінше білім алудан айналысушы және ғылыми зерттеулерді дамыту мәселелеріне қызығушылық танытушы тұлға, ғылымды белгілі бір қызмет саласы ретінде қоғамның өндіріш күшінің ажырамас құрамдас бөлігі екендігін өте жақсы түсінді. Осы жөнінде ол былай деп жазды: «Өзінің шешілуін күтіп отырған тағы бір мәселе бар – ол ғылыми кадрларды даярлау, өзіміздің ғылыми-шығармашылық әлеуетімізді жасау.

Әрине, Қазақстанға өмірлік маңызы бар мәселелерін зерттеумен айналысатын және өлкетануды басқаратын жоғары білімді адамдардың басын косатын және біріктірітін ғылыми қауымдастық бұрыннан қажет-ақ» [2, 177 б.]. Бұл С.Седуақасовты ҚФА іргетасын жасаудың қажеттілігін дәлелдеген алғашқы бастамашылардың бірі деп айтуда мүмкіндік береді.

Жетіншіден, экономиканы дамытуда және қазақ халқының ағартушылығында сол кезеңдегі қазақтың «алдыңғы» (ескі) либералды-демократиялық зиялды қауым өкілдерінің ғылыми-педагогикалық әлеуетін пайдалануға шакырғандығын ерекше атап өткен жөн. Оның көзқарасы бойынша, «білімі бар адамдарды пайдаланған жөн. Мейлі олар мұғалімдер, жазушылар, инженерлер, агрономдар болсын ... Халыққа пайdasын тигізсін ... Алдыңғы зиялды қауым өкілдерінің арам инистілігі жөніндегі дәлелсіз айылтаулары мен айқайшуларынан нақты іске көшу қажет – халықтың муддесі мен иглілігі үшін білімі бар азаматтарды пайдалану керек» [2, 235 б.]. С.Седуақасов осыны сөзбен емес, өзінің өмірге келтірген нақты тәжірибелі іс-әрекеттерімен де жүзеге асыра білді. Мәселен, ол ғылыми-педагогикалық жұмыстары үшін Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дұлатов және басқа да сияқты ғалымдарды арнайы тартып отырды.

Оның көзқарасы бойынша, қазақ халқының ағартушылығын дамыту мәселелері өсіресе, жастардың арасында тәжірибелі бағыттағы тәрбиеумен және оны жүзеге асырумен тығыз байланысты болып табылады. «Төңкеріс қырғыз жастарын бұлік шығаруға емес, күрсеге үйретті. Сондыктанда, жастарға енді ... жасап үйренуге және жасай білуге үйренулері қажет. Бірақ, оларға шебер, ысылған жігіттер болу үшін білім, үстіртін білім емес, терен және мықты білім қажет» - деп атап өтті С. Седуақасов [1, 348 б.]. XX-ғасырдың қызы және қайғыға толы 20-шы жылдарындағы қазақ жастарының өз халқына мүмкіндігінше көп пайда әкелуін ойлаған ол, өз құрдастарын мынаған шақырды: «... оқу және де оқу қажет, біліктілігі бар маман болу керек. Бұл жетістіктерге жетудің бірінші шарты болып табылады.

Екінші шарты – қажымас қайрат пен бастамашылдықка ие болу қажет» [1, 124 б.].

Әріқарай былай жазды, «қазіргі қазактардың шаруашылығы түбебейлі өзгерістердің алдында түр. 1сke деген қызығушылық кооперативтерді ашуды, агрономдарды, дәрігерлерді, инженерлерді, мұғалімдерді даярлауды талап етеді», «басты міндеті – шаруашылықты қөтеруге қол жеткізу», «ал бұл қөтерілу қажырлы, жігерлі енбектің, білімді мамандардың күш салуының, ұйымдастырушылықтың және жана-жақты тәртіптің арқасындаған мүмкін болады» [2, 128 б.].

С.Седуақасовтың ағартушылық мәселесін дамытудың маңыздылығын туралы айтып кеткен көптеген ой-пікірлерінің танымдық маңыздылығымен қатар, қазіргі жағдайларда тәжірибелі мәні өте зор болып табылады.

С.Сәдуакасовтың әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы ғылыми зерттеулерінен және шаруашылық іс-әрекеттерінен алынған аспектілер кездейсоқ емес. Ол, ойшыл зерттеуші және ұйымдастыруши, казақ қоғамын дамытудың нақты бір кезеңінің қажеттілігінен үнемі шығып отырды.

С.Сәдуакасовтың экономикалық көзқарастары және тәжірибелік қызметі туралы жоғарыда аталаған өткендердің барлығы ол туралы белгілі жазушы Сәбит Мұқановтың сөзімен айтқандай, XX-ғасырдың қазақ қоғамында «ақкан жұлдыздай» жарқырап өткен, казақ өлкесінің жергілікті халқын жаңарту және шұғыл әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамыту сияқты бағытты ісіне өз халқы үшін шексіз беріліп, асқан ерлікпен қызмет етуінің көрнекі үлгісін қалдырган үлкен адам деп айтуға толық негіз бар.

### ӘДЕБІЕТ

- [1] Смагұл Садуақасұлы. Шығармалар жинағы. 2 том. Астана, 2013
- [2] Смагұл Садуақасұлы. Шығармалар жинағы. 3 том. Астана, 2013
- [3] Смагул Садуакасов. 5 лет Казахстана (1920-1925). Юбилейный сборник. Кзыл-Орда, 1925

### REFERENCES

- [1] Smagyl Saduakasuly. Shyfarmalar zhinary. 2 tom. Astana, 2013
- [2] Smagyl Saduakasuly. Shyfarmalar zhinary. 3 tom. Astana, 2013
- [3] Smagul Saduakasov. 5 let Kazahstana (1920-1925). Jubilejnyj sbornik. Kzyl-Orda, 1925

**А.Н. Догалов, Н.С. Досмаганбетов, Б.О. Қайранбеков**

### ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДВАКАСОВА ПО РАЗВИТИЮ ПРОСВЕЩЕНИЯ

**Аннотация.** В статье освещены основные экономические идеи выдающегося государственного, политического деятеля и истинного патриота казахского народа в 20-30-ые годы XX века Смагула Садуакасова. Результаты анализа научных и публицистических трудов, практической организаторской деятельности в области просвещения и образования молодой советской республики свидетельствуют об его огромном вкладе в развитие экономической мысли Казахстана.

**Ключевые слова:** образование, наука, техническое развитие, материальная заинтересованность.

#### Сведения об авторах:

Догалов Амангелді Нәжмиденұлы, ә.ғ.к., Л.Н.Гумилев ат. ЕҮУ-ін «Экономикалық теория және монополияға қарсы реттеу» кафедрасының доценті

Досмаганбетов Нұрлан Серікұлы, магистр, Л.Н.Гумилев ат. ЕҮУ-ін «Экономикалық теория және монополияға қарсы реттеу» кафедрасының аға оқытушысы.

Қайранбеков Бауржан Окташұлы, ә.ғ.к., Л.Н.Гумилев ат. ЕҮУ-ін «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті